РЕЗОЛЮЦИЯ К ДОКУМЕНТУ № 28-871 ОТ 26.02.2025

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 19 ақпан 2а-153 Шымкент қаласы

Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы: төрағалық етуші судья Б.П. Нәсірдінов,

алқа судьялары Г.Ж. Жолбарыс, Е.Т. Сералиев,

сот мәжілісінің хатшысы М.М. Маккам құрамында,

талап қоюшының сенімді өкілі Д.Қ. Бисалиевтің,

жауапкердің өкілдері: Ә.Ж. Шегербаеваның, Р.Б. Корганбаеваның, М.М. Исабаевтың қатысуларында,

өзінің ашық сот отырысында, қалалық сот ғимаратында, Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы шешіміне талап қоюшының сенімді өкілінің апелляциялық шағымымен келіп түскен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (әрі қарай - ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы, «Nappa.kz» ЖШС-інің «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзуды заңсыз деп тану және тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талап қоюы бойынша электрондық азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюмен жүгініп, оны жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарттың міндеттемелерін тиісінше орындамағанымен негіздеген.

«Nappa.kz» ЖШС-і сотқа «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзуды заңсыз деп тану және тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талап қоюмен жүгініп, оны талап қоюшының тауарларды негізсіз қабылдамағанымен негіздеген.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыру, «Nappa.kz» ЖШС-інің қарсы талап қоюын ішінара қанағаттандыру, «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі мен «Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында түзілген 2024 жылғы 27 ақпандағы №37 санды мемлекеттік сатып алу туралы шартын бір жақты бұзуды заңсыз деп тану, «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесіне «Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 14 дана етік тауарды қабылдауды міндеттеу, қарсы талап қоюдың қалған бөлігін қанағаттандырусыз қалдыру, «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық

Құжатқа қол қойылған: Насирдинов Б. П., 25.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 24.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 21.02.2025

мемлекеттік мекемесінен «Nappa.kz» ЖШС-нің пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж төлеген сот шығынын өндіру туралы қаулы етілген.

Апелляциялық шағымда талап қоюшының сенімді өкілі бірінші сатылы соттың іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымын дұрыс айқындамағанын және материалдық заң нормаларын дұрыс қолданбағанын көрсетіп, сот шешімінің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандыруды, қарсы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Тараптардың сенімді өкілдерін тыңдап, шағымның уәждері мен іс құжаттарын зерттеп, сот алқасы төмендегі тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 427-бабының 1-бөлігінің 3), 4)-тармақшалары бойынша апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге: шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

Іс бойынша мұндай негіздер орын алған.

Электрондық азаматтық іс материалдары бойынша 2024 жылғы 27 ақпанда тарапар арасында жалпы құны 13 977 600 теңге құрайтын 120 жұп жазғы етіктерді тігу жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы №37 келісім шарт жасалған. Осы шарт бойынша жауапкер жұмыстарды техникалық ерекшелікке сәйкес 2024 жылғы 31 шілдеге дейін тапсыруға міндеттеме алған.

2024 жылғы 31 шілдеге дейін жауапкермен талап қоюшыға 120 жұп жазғы етіктер жеткізілмеген.

Бірінші сатылы сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тартқанда және қарсы талап қоюды ішінара қанағаттандырғанда 54 жұп аяқ киім жеткізілмегеннен талап қоюшыға жағымсыз салдар келтірілмегенін, талап қоюшының шарттың 8-тарауын басшылыққа алып, келісім шартты біржақты бұзуы Азаматтық кодекстің 401,402,404-баптарының талаптарына қайшы болып табылатыны, Азаматтық кодексте келісім шартты біржақты бұзу түсінігі мүлдем қарастырылмағаны туралы тұжырымға келген.

Соттың бұл тұжырымдары істің мән-жайларына сай келмейді және материалдық заң нормаларын дұрыс қолданбағаннан туындаған.

Сот алқасында талап қоюшының сенімді өкілі 120 жұп жазғы етіктердің 2024 жылғы тамыз айында Астанада өткен саммитке қажет болғанын, алайда ол уақытқа тауарлар дайын болмағанын, шарт жасалған кезде үміт артылғаннан едәуір дәрежеде айрылғанын айтып көрсетті.

Сот алқасында жауапкердің сенімді өкілі шартта көзделген 120 жұп

Құжатқа қол қойылған: Насирдинов Б. П., 25.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 24.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 21.02.2025

жазғы етіктердің 68 жұбын 2024 жылғы 7 шілдеде жеткізгенін, қалғанын 2024 жылғы 28 тамызда жеткізгенін, етіктердің өлшемдері сай келмегеніне байланысты қабылданбағанын айтып көрсетті, яғни жауапкермен шартта көзделген 120 жұп жазғы етіктердің толық көлемде шартта көзделген мерзімде жеткізілмегенін жауапкердің өкілі жоққа шығармаған.

«Nappa.kz» ЖШС-інің басшысы М.М. Исабаев жазғы етіктердің мерзімінен кеш жеткізілгенінің себебін тапсырыстардың көп болғанымен, тауарлар үшін алдын ала төлем жасалмайтынымен және тапсырыс беруші тарапынан тауарлар үшін қаржы 2024 жылдың тамыз айында төленетіні туралы айтылғанымен түсіндірді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 38-бабының 4-тармағы бойынша әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (әрі қарай – АК) 401–бабының 1-тармағы бойынша егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен бұзылуы мүмкін.

Аталған норманың мағынасына қарағанда шартта өзгеше көзделмесе шарт тараптардың келісуімен бұзылады.

Алайда, тараптар арасында 2024 жылғы 27 ақпанда жасалған мемлекеттік сатып алу туралы №37 шарттың 8.4 тармағында өзгеше, яғни тапсырыс берушінің шартты біржақты бұзу құқығы көзделген.

Сондықтан бірінші сатылы сот талап қоюшының келісім шартты біржақты бұзуы АК-нің талаптарына қайшы болып табылатыны, аталған кодексте келісім шартты біржақты бұзу түсінігі мүлдем қарастырылмағаны туралы қате тұжырым жасаған.

Заңның 12-бабының 4-тармағының бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

Құжатқа қол қойылған: Насирдинов Б. П., 25.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 24.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 21.02.2025

талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Жауапкер бүгінгі күнге дейін шартты толық орындамаған. Тапсырыс беруші шартты біржақтама бұзған кезде жауапкер шартта көзделген 120 жұп жазғы етіктердің жартысына жуығын жеткізбеген.

Сондықтан, жауапкердің тек қана тұрақсыздық айыппұлын төлегені оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босатпайды.

Жауапкердің шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін 270 дана аяқ киім шығарғаны шартты біржақтама бұзуды заңсыз деп тануға негіз бола алмайды, себебі АК-нің 360-бабына сәйкес егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Жауапкердің өкілінің етіктерді жеткізудің мерзімін тапсырыстардың көп болғаны, тауарлар үшін алдын ала төлем жасалмайтындықтан және тауарлар үшін қаржы 2024 жылдың тамыз айында төленетіндіктен кешіктіргені туралы уәжі шарттың міндеттемелерінің өз мерзімінде орындалмағаны жауапкердің кінәсінен болғанын растайды және бірінші сатылы соттың жауапкердің міндеттемелерді тиісінше орындау үшін барлық мүмкін болатын жан-жақты шаралар қабылдағаны туралы тұжырымын жоққа шығарады.

Етіктердің өлшемдерінің сарбаздарға сай келмегені жауапкердің өз міндеттемелерін тиісінше және мерзімінде орындамағанынан болған және талап қоюшының мемлекеттің қаржысы есебінен тапсырыс берілген өлшемі сай келмеген етіктерді қабылдауға құқығы болмаған.

АК-нің 403-бабының 1-тармағында шартты бұзу кезінде тараптардың міндеттемелері тоқтатылатыны көзделген.

Сондықтан бірінші сатылы соттың шарт бұзылғаннан кейін тапсырыс берушіге 14 дана етіктерді қабылдауды міндеттегенін заңды деп тануға болмайды.

Істің мұндай тұрғысында дау айтылған сот шешімін заңды және негізді деуге болмайды. Сот шешімінің талап қоюды қанағаттандырудан бас тартқан

5299-25-3-2/154

Құжатқа қол қойылған: Насирдинов Б. П., 25.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 24.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 21.02.2025

және қарсы талап қоюды қанағаттандырған бөлігінің күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру және қарсы талап қоюдың аталған бөлігін қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылуға жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігі негізінде жауапкерден жергілікті бюджетке мемлекеттік баж өндірілуге жатадлы.

АПК-нің 424-бабын, 425-бабының 2) тармақшасын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы шешімі өзгертілсін.

Шешімнің «Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдырған бөлігінің күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Шешімнің «Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік сатып алу шартын бір жақты бұзуын заңсыз деп тану және 14 дана етік тауарды қабылдауды міндеттеу туралы қарсы талап қоюын қанағаттандырған және «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінен «Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік бажға жұмсалған сот шығынын өндіру бөлігінің күші жойылсын, қарсы талап қоюдың бұл бөлігін қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылсын.

Шешімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылсын.

Апелляциялық шағым қанағаттандырылсын.

«Nappa.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Қаулы заңды күшіне жария етілген күннен бастап енеді.

Қаулыға тараптар, іске қатысатын тұлғалар, сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері АПК-нің 436, 440, 441-баптарын сақтай отырып, ол заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіппен дау айту туралы өтінішхатты беруге, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап кассациялық

сотқа кассациялық шағым беруге құқылы.

Төрағалық етуші Б.П. Нәсірдінов

Судьялар Г.Ж. Жолбарыс

Е.Т. Сералиев

Құжатқа қол қойылған: Насирдинов Б. П., 25.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 24.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 21.02.2025
5299-25-3-2/154

Құжатқа қол қойылған: Насирдинов Б. П., 25.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 24.02.2025
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 21.02.2025

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911